

**«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.109-110**

## **АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ МАМАНДАРДЫ ОЗЫҚ ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Ташкенбаева Ж.М.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында келесі өзекті мәселелерге тоқталды «Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет. Осыған орай аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау керек...Бұл жоғары оқу орындарынан оқу бағдарламаларын жаңартып, агроөнеркәсіп кешеніндегі озық біліммен үздік тәжірибені тарататын орталықтарға айналу талап етіледі» [1].

Заманауи ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, қоғам қажеттіліктері, сұраныс, технология күн сайын өзгеріп, дамуда. Ал, аграрлық саладағы зерттеу университетінде ең жоғары деңгейдегі ғылыми зерттеу жұмысындағы басымдылықтар өндіріс талабымен ұштастырылады, зертханалар заманауи қондырғылармен жабдықталынады, зерттеу жұмыстары көзделген нақтылы нәтижелерге жетуге бағыттала отырып экономикамыздың жан-жақты дамуына зор ықпал етеді. Зерттеу университетінде білім беру үдерісі зерттеу жұмыстарымен тығыз интеграцияланады. Университетте білім алушылардың барлығы ғылыми зерттеу жұмыстарына ынталандырылады. Университеттің білім беру үдерісінде осы талапты ескеру ғылым жетістіктері мен инновациялық технологияларды игерген мамандар дайындап шығаруға негіз бола алады. Сонда ғана олар бәсекелестік қабілетке ие, кез-келген өзгермелі жағдайларға бейім, креативті, шығармашылық қабілеттері жоғары деңгейде дамыған, жаңашыл ойлауға, жаңалыққа құштар, ел мүддесі үшін қызмет жасайтын маман бола алады.

Аграрлық саладағы зерттеу университетін қалыптастыру – аграрлық саладағы өзекті мәселелер бойынша заманауи зерттеу жұмыстарын жүргізу, жаңа технологиялық шешімдерді табу, инновациялық жаңалықтар және

оларды ендіру, білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау - ауыл шаруашылығын көтерудің басты шарты.

Аграрлық сала мамандарын әдіснамалық даярлау екі біліктілік және білімді - аграрлық және техникалық білімдер жиынтығынан құралады. Бұл екі білім мен біліктілік өзара біріктірілген және интегративті болуы керек. Бұл біріктірулер жүйелік тәсілдеме негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

3.А. Решетованың зерттеулері бойынша жүйелік тәсілдеме заманауи ғылымда өндірістік теорияларының оқыту әдісі, объектіде танымдық сызба, зерттеу пәнін және оның әдістерін жаңаша ашуда, пән жөніндегі білім құрылымын өзгертіп, ғылыми ойлау стилі және ғылымның түсініктік құрылымын өзгертеді. Жүйелілік жөніндегі түсініктер фундаменталды ғылыми теория және барлық түсініктердің маңызды аспектісіне айналады [2].

Аграрлық саладағы зерттеу университетінде жүйелік тәсілдеме негізінде білім беру үдерісінің басты міндеті қиын құрылымды объектілерді – әртүрлі типті және класты жүйелерді зерттеу әдістерін және құрылымын жасауға негізделеді [3].

Жүйелілік тәсілдеменің маңызды міндеттеріне төмендегілер жатады:

1. зерттелетін және құрастырылатын объектілердің құрастыру құралдарын жүйе ретінде қарастыру;
2. жүйенің біріктірілген модельдерін құрастыру, әртүрлі кластардағы модельдер және жүйе қасиеттерінің ерекшелігі;
3. жүйенің теориялық құрылымын зерттеу және әртүрлө жүйелік жобалар және тұжырымдамаларды зерттеу.

М. Сарыбеков пен М. Сыдықназаровтардың жұмыстарында жүйе [гр. Sistema бөліктерден құралған, тұтас] төмендегідей сипатталады:

1. тұтас нәрсе ретінде, күрделі бірлік, көптеген бір-бірімен тығыз байланысты элементтерді біріктіретін, жүйелерге бөлінуі мүмкін бірлік ретінде;

2. өзара байланысқан көптеген элементтердің анықталған негізі ретінде ерекшеленген, қоршаған ортамен әрекеттесетін тұтас жүйе ретінде және ортақ мақсатты басқару мен қызмет етумен біріккен [3].

Жүйелік тәсілдеме – екі бағыттан жүйелі анализ және жүйелік синтезден тұрады. Жүйелік анализ – жүйенің қоршаған ортамен әсер ету, әрекеттесу ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастыру міндеттерін атқарады. Жүйелік синтез – жүйенің құрылымынан, өзара әрекеттестік ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. А.Н. Аверьянов пікірінше жүйе құраушы ішкі және сыртқы жүйелер анықталуы қажет [5]. Ол ішкі жүйе құраушы бір фактор ретінде жүйенің жеке элементтерінің өзара әрекеттесуін қарастырады. Жүйе құраушы факторлардың жүйе ретінде өзара әрекеттесуі, жүйенің әртүрлі элементтері арасында орын алады. Мысалы: әртүрлі оқу циклдары арасында байланыс орнатылуы.

Аграрлық саладағы зерттеу университетінде озық оқытудың тактикасы мен стратегиясын қамтамасыз ететін оқытудың принциптері оқыту

процесінің сәйкесінше жүйесін және оның компоненттерін жұмыс істетуге және құрастырудағы қажетті құралдары болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Формирование системного мышления в обучении: Учебное пособие для вузов / Под ред. З.А.Решетовой. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 344 с.

3. Abdyrov A., Tashkenbayeva Z., Askarova A., Kudaibergenova S., Alimkulova E. Establishment of agricultural research universities and their role in the innovative development in the Republic of Kazakhstan. (2017) *Espacios*, 38 (25), статья № 4, 2017.

4. Сарыбеков М.Н., Сыдыкназаров М.К. Словарь науки. Общенаучные термины и определения, науковедческие понятия и категории: Учебное пособие. – Алматы: Триумф «К», 2008. – 504 с.

5. Аверьянов А.Н. Системное познание мира: методологические проблемы. – М.: Политиздат, 1985. – 263 с.